

## Алтын қазу мен өндіру жөніндегі мәліметтер туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 8 желтоқсан 1992 ж. N 1033

Қазақстан Республикасының Халықаралық валюта қорына кіруіне және оған алтын қазу мен өндіру жайында мәліметтер беру қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен ұйымдарында, олардың меншік және ведомстволық иелігіне қарамастан, алтын қазу мен өндіру жөніндегі мәліметтерден құпиялық грифі алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасында алтын қазу мен өндіру жөніндегі мемлекеттік статистикалық мәліметті әзірлеп, жиналуын қамтамасыз етсін, оны меншік және ведомстволық иелігіне қарамастан барлық кәсіпорындар мен ұйымдарға қолданатын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемэкономкомымен, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігімен, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен Халықаралық валюта қорына Қазақстандағы жыл сайынға алтын өндірісі туралы есепті деректерді табыс етсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа түзету енгізілді - ҚРМК-нің 1993 ж. 17 тамыз, N 708 Қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы, Қазақстан

Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің қатысуымен Қазақстанда алтын қазу мен өндірудің жай-күйі және бұл жөніндегі болжамдар туралы жыл сайын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне талдаулық шолу табыс етсін.

Бұл шолудың құпиялық дәрежесі белгіленген тәртіп бойынша анықталады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК